

СЫН ПІКІР

Дипломдық жобаға

Адырбаева Алтынай Буланбайқызы

5B080500-Су ресурстары және суды пайдалану

Тақырыбы: «Ақмола облысы, Степногорск қаласының кәріздік тазарту ғимараттары»

Орындалды:

- а) графикалық бөлім- 5 парақ
- б) түсініктеме- 39 бет

ЖОБА ҮШІН ЕСКЕРТПЕЛЕР

Дипломдық жоба берілген тапсырма бойынша Ақмола облысы, Степногорск қаласының кәріздік тазарту ғимараттары жобалауға арналған.

Осы мақсатта сарқынды су есептік шығыны, концентрациясы, қажетті тазалау дәрежесі есептеу және тазалау әдісі таңдау. Сондай-ақ, қажетті тазарту ғимараттары есепте, су пайдалану нысандарының құрылыс жұмыстары атқарылды.

Атқарылған жұмыстар нәтижелері және қарастырылған техникалық шешімдер берілген тапсырмаға толық сәкес келеді. Орындалған есептеулер әдістемелік тұрғыдан алғанда орындаушының дайындық біліктілігін көрсетеді.

Ескерту:1. Степногорск қаласы шағын елді мекен болғандықтан, жобада тангенциалды құм ұстағышты таңдау жөн болар еді.

ЖОБАНЫ БАҒАЛАУ

Негізінен, А.Б. Адырбаеваның «Ақмола облысы, Степногорск қаласының кәріздік тазарту ғимараттары» тақырыбына орындаған дипломдық жобасы, қойылатын талаптарға толық түрде сай келеді (94%), ал орындаушы Адырбаева Алтынай «Су ресурстары және суды пайдалану» мамандық бойынша «бакалавр» академиялық дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ»
СЫН-ПІКІР БЕРУШІ
а.ш.ғыл.канд., каум.проф.
«СУ ЖӘНЕ ҒАЙЫҚТЫҚ РЕСУРСТАРЫ» ФАКУЛЬТЕТІ
Набиоллина М.С.
«25» 2022 ж.

**ЖЕТЕКШІНІҢ
ПІКІРІ**

Дипломдық жобаға

Адырбаева Алтынай Буланбайқызы

5B080500-Су ресурстары және суды пайдалану

Тақырыбы: «Ақмола облысы, Степногорск қаласының кәріздік тазарту
ғимараттары»

Адырбаева Алтынай Буланбайқызының дипломдық жобасы ҚазҰТЗУ университетінің дипломдық жобаға қойылатын талаптарына, кафедраның берген тапсырмасына сәйкес орындалды. Дипломдық жоба Степногорск қаласының нақты мәліметтерін қолдана отырып, өзекті тақырыпта орындалды.


Дипломдық жобада қаланың тәуліктік сарқынды су шығын көлемі мен құрамы анықталып, сарқынды суды қажетті сапаға дейін тазартуға қабілетті тазарту станциясы жобаланған. Түсініктемелік жазбада механикалық тазарту негізгі ғимараттарының есептері келтірілген, атап айтсақ тордың, құм ұстағыштың және тұндырғыштың негізгі көрсеткіштері анықталды. Сондай-ақ, есептеу нәтижесінде алынған мәліметтерді ескере отырып, олардың сызбалары сызылды.

Есептеулердің шешімдері сарқынды суларды тазарту станциясына арналған жабдықты таңдауға мүмкіндік беретін нормативтік әдебиеттерді қолданумен дұрыс орындалды.

Адырбаева Алтынай дипломдық жобаны толығымен уақытында орындай алды. Тақырыбы толығымен ашылды, материалдың презентациясы МЕМСТ-ке сәйкес нақты және дәйекті сызбалар жасалды. Дипломдық жоба 94 % бағаланады.

Жетекші

техн. ғыл. канд. қауым. проф.

 **Халхабай Б.**
«24» 05 2022 ж.

Протокол

о проверке на наличие неавторизованных заимствований (плагиата)

Автор: Адырбаева Алтынай

Соавтор (если имеется):

Тип работы: Дипломная работа

Название работы: Ақмола облысы, Степногорск қаласының кәріз тазарту құрылыстары.docx

Научный руководитель: Бостандық Халхабай

Коэффициент Подобия 1: 1.9

Коэффициент Подобия 2: 0

Микропробелы: 7

Знаки из других алфавитов: 105

Интервалы: 0

Белые Знаки: 0

После проверки Отчета Подобия было сделано следующее заключение:

☒ Заимствования, выявленные в работе, является законным и не является плагиатом. Уровень подобия не превышает допустимого предела. Таким образом работа независима и принимается.

☐ Заимствование не является плагиатом, но превышено пороговое значение уровня подобия. Таким образом работа возвращается на доработку.

☐ Выявлены заимствования и плагиат или преднамеренные текстовые искажения (манипуляции), как предполагаемые попытки укрытия плагиата, которые делают работу противоречащей требованиям приложения 5 приказа 595 МОН РК, закону об авторских и смежных правах РК, а также кодексу этики и процедурам. Таким образом работа не принимается.

☐ Обоснование:

Дата

28.04.2022

Заведующий кафедрой

Жу Жименова

**Университеттің жүйе администраторы мен Академиялық мәселелер департаменті
директорының ұқсастық есебіне талдау хаттамасы**

Жүйе администраторы мен Академиялық мәселелер департаментінің директоры көрсетілген еңбекке қатысты дайындалған Плагиаттың алдын алу және анықтау жүйесінің толық ұқсастық есебімен танысқанын мәлімдейді:

Автор: Адырбаева Алтынай

Тақырыбы: Ақмола облысы, Степногорск қаласының кәріз тазарту құрылыстары.docx

Жетекшісі: Бостандық Халхабай

1-ұқсастық коэффициенті (30): 1.9

2-ұқсастық коэффициенті (5): 0

Дәйексөз (35): 0.7

Өріптерді ауыстыру: 105

Аралықтар: 0

Шағын кеңістіктер: 7

Ақ белгілер: 0

Ұқсастық есебін талдай отырып, Жүйе администраторы мен Академиялық мәселелер департаментінің директоры келесі шешімдерді мәлімдейді :

☒ Ғылыми еңбекте табылған ұқсастықтар плагиат болып есептелмейді. Осыған байланысты жұмыс өз бетінше жазылған болып санала отырып, қорғауға жіберіледі.

☐ Осы жұмыстағы ұқсастықтар плагиат болып есептелмейді, бірақ олардың шамадан тыс көптігі еңбектің құндылығына және автордың ғылыми жұмысты өзі жазғанына қатысты күмән тудырады. Осыған байланысты ұқсастықтарды шектеу мақсатында жұмыс қайта өңдеуге жіберілсін.

☐ Еңбекте анықталған ұқсастықтар жосықсыз және плагиаттың белгілері болып саналады немесе мәтіндері қасақана бұрмаланып плагиат белгілері жасырылған. Осыған байланысты жұмыс қорғауға жіберілмейді.

Негіздеме:

Күні

28.04.2022

Кафедра меңгерушісі

Ашмұрова
Жу

Протокол

о проверке на наличие неавторизованных заимствований (плагиата)

Автор: Адырбаева Алтынай

Соавтор (если имеется):

Тип работы: Дипломная работа

Название работы: Ақмола облысы, Степногорск қаласының кәріз тазарту құрылыстары.docx

Научный руководитель: Бостандык Халхабай

Коэффициент Подобия 1: 1.9

Коэффициент Подобия 2: 0

Микропробелы: 7

Знаки из здругих алфавитов: 105

Интервалы: 0

Белые Знаки: 0

После проверки Отчета Подобия было сделано следующее заключение:

☒ Заимствования, выявленные в работе, является законным и не является плагиатом. Уровень подобия не превышает допустимого предела. Таким образом работа независима и принимается.

☐ Заимствование не является плагиатом, но превышено пороговое значение уровня подобия. Таким образом работа возвращается на доработку.

☐ Выявлены заимствования и плагиат или преднамеренные текстовые искажения (манипуляции), как предполагаемые попытки укрытия плагиата, которые делают работу противоречащей требованиям приложения 5 приказа 595 МОН РК, закону об авторских и смежных правах РК, а также кодексу этики и процедурам. Таким образом работа не принимается.

☐ Обоснование:

Дата 28.04.2022

проверяющий эксперт

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И.Сатбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т.К.Басенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

Адырбаева Алтынай Буланбайкызы

Ақмола облысы, Степногорск қаласының кәріздік тазарту ғимараттары

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

5B080500 – «Су ресурстары және суды пайдалану»

Алматы 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т.К.Басенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ
ИЖЖЖ кафедра меңгерушісі
техн.ғыл.канд.қауым.проф.
Алимова К.К.
«25» 05 2022 ж.

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

Тақырыбы: «Ақмола облысы, Степногорск қаласының кәріздік тазарту
ғимараттары»

Мамандығы 5B080500 – «Су ресурстары және суды пайдалану»

Орындаған



Адырбаева А.Б.

Пікір беруші

«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ АГРАРЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ»
техн.ғыл.канд.қауым.проф.
Наврузова М.С.
«24» 05 2022 ж.

Жетекші

техн.ғыл.канд.қауым.проф.
Халхабай Б.
«23» 05 2022 ж.

Алматы 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті


Т.К.Басенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

5B080500 – «Су ресурстары және суды пайдалану»

БЕКІТЕМІН

ИЖЖЖ кафедра меңгерушісі
техн.ғыл.канд.қауым.проф.

 Алимова К.К.
«24» 01 2022 ж.

**Дипломдық жобаны орындауға
ТАПСЫРМА**

Білім алушы Адырбаева Алтынай Буланбайқызы
Тақырыбы: «Ақмола облысы, Степногорск қаласының кәріздік тазарту ғимараттары»

Университет Басшысының 2021 жылғы «24» желтоқсан №489–П/Ө бұйрығымен бекітілген

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзім 2022 жылы «30» сәуір

Дипломдық жобаның бастапқы берілістер: Степногорск қаласының сипаттамасы және оның табиғи климаттық жағдайы, тұрғындар саны N=48032. Кәсіпорындардан шығатын сарқынды сулардың есептік шығынының пайыздық үлесі, оларды ластайтын заттардың сипаттамасы

Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі:

- а) технологиялық бөлім;
- б) су пайдалану нысандарының құрылыс технологиясы;
- в) экономика бөлімі.

Сызба материалдар тізімі:

- 1) сарқынды су тазалау ғимаратының бас жоспары; 2) ғимарат бойынша су қозғалысының биіктік схемасы; 3) механикалық тазарту ғимараттары; 4) бірінші сатылы радиалды тұндырғыш сызбасы; 5) құрылыстың бас жоспары.

Ұсынылатын негізгі әдебиет: 10 атаудан

Дипломдық жобаны дайындау
КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Технологиялық бөлім	03.02.2022 – 20.03.2022	орындағи
Су пайдалану нысандарының құрылыс технологиясы	23.03.2022 – 07.04.2022	орындағи
Экономика бөлімі	03.04.2022 – 10.04.2022	орындағи

Дипломдық жоба бөлімдерінің кеңесшілері мен
норма бақылаушының аяқталған жобаға қойған
қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Су пайдалану нысандарының құрылыс технологиясы	Б.Халхабай техн.ғыл.канд.қауым.проф.	11.05.22	
Экономика бөлімі	Б.Халхабай техн.ғыл.канд.қауым.проф.	11.05.22	
Норма бақылау	А.Н.Хойшиев техн.ғыл.канд.қауым.проф.	11.05.2022	

Жетекші

 Халхабай Б.

Тапсырманы орындауға алған білім алушы

 Адырбаева А.Б.

Күні

« 21 » 01 2022 ж.

АНДАТПА

Бұл дипломдық жобада тұрғындар саны 48032 адам болатын елді мекенге арналған кәріз тазарту құрылыстары жобаланды. Сарқынды судың есептік шығыны табылды, сондай-ақ сарқынды сулардың ластану концентрациясы мен сарқынды су қоспасының концентрациясы есептелді. Қалалық сарқынды суларды тазартудың қажетті деңгейі есептеліп, оларды тазарту әдісі таңдалды.

Қажетті құрылыстардың өлшемдері есептеліп, олардың сызбалары, сонымен қатар тазарту ғимаратының бас жоспары мен жер жұмыстардың сызбалары ұсынылды. Ал жобаның қорытынды бөлімдерінде: нысанның құрылыс технологиясы және оның экономикалық бөлігі қарастырылды.

АННОТАЦИЯ

В данном дипломном проекте спроектированы канализационные очистные сооружения для населенного пункта с численностью населения 48032 человека. Был найден расчетный расход сточных вод, а также рассчитаны концентрация загрязнения сточных вод и концентрация смеси сточных вод. Был произведен расчет необходимой степени очистки городских сточных вод и выбран способ их очистки.

Были рассчитаны размеры необходимых сооружений, представлены их чертежи, а также чертежи генерального плана очистного сооружения и земляных работ. А в заключительных разделах проекта были рассмотрены: технология строительства объекта и его экономическая часть.

ABSTRACT

In this diploma project, sewage treatment plants are designed for a settlement with a population of 48032 people. The calculated wastewater flow rate was found, and the concentration of wastewater pollution and the concentration of the wastewater mixture were calculated. The calculation of the required degree of urban wastewater treatment was made and the method of their purification was chosen.

The dimensions of the necessary structures were calculated, their drawings were presented, as well as drawings of the master plan of the treatment facility and earthworks. And in the final sections of the project were considered: the technology of construction of the facility and its economic part.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ

1	Технологиялық бөлім	8
1.1	Степногорск қаласына қысқаша сипаттама	8
1.2	Степногорск қаласының сарқынды суының есептік шығындары	8
1.3	Сарқынды суының концентрация есебі	12
1.4	Қажетті тазалау дәрежесін анықтау	14
1.5	Тазарту әдісін таңдау және негіздеу	17
1.6	Тазарту ғимараттарын есептеу	18
1.6.1	Қабылдау камерасы және торлар	18
1.6.2	Құм ұстағыш және оның сипаттамалары	20
1.6.3	Тұндырғыштың негізгі өлшемдерін есептеу	24
2	Су пайдалану нысандарының құрылыс технологиясы	28
2.1	Жер жұмыстарының көлемін анықтау	28
2.2	Құрылысқа қажетті машиналарды таңдау	29
3	Экономика бөлімі	31

ҚОРЫТЫНДЫ

ҚАБЫЛДАНҒАН ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

ҚОСЫМШАЛАР

КІРІСПЕ

Тазарту құрылыстары – бұл сарқынды суларды әртүрлі ластаушы заттардан тазартуды қамтитын арнайы құрылыстар кешені. Тазартудан шыққан суды одан әрі пайдалануға болады немесе ол табиғи суларға ағызылады.

Сарқынды суларды тазарту адам өмірінде және қоршаған орта экологиясында маңызды рөл атқарады. Сарқынды сулардың жағдайы әрқайсымыздың денсаулығымызға тікелей әсер етеді. Сарқынды сулардағы ластаушы заттар өсімдіктер мен жануарлардың өліміне әкелуі мүмкін, ал топырақтың сол нашар тазартылған сарқынды сумен улануынан әртүрлі бактериялар адам ағзасына еніп, әртүрлі аурулардың қоздырғышы бола алады. Біздің маман ретіндегі негізгі міндетіміз – сарқынды суларды дұрыс және сапалы тазарту. Сарқынды сулардың ластануын есептеу, тазартудың дұрыс әдістері мен құрылымдарын таңдау қажет. Сарқынды суды дұрыс тазалаумен біз қоршаған ортаның жағдайына жағымсыз әсер ететін бактериялар мен ластаушы заттардың мөлшерін ең кішкентай бөлшектерге дейін азайтамыз. Өйткені, тазартылған суды біз оны булану өрістеріне жіберуден гөрі сол зауыттың технологиялық қажеттіліктеріне қолдана аламыз. 21 ғасырда суды үнемдеу – бүкіл әлемнің басты міндеттерінің бірі. Өйткені, су ресурстары өте шектеулі. Біздің басты мақсатымыз – су ресурстарын пайдалануды ұзартып, олардың шығынын азайту.

Қарастырылып отырған дипломдық жобаның мақсаты – Ақмола облысы, Степногорск қаласына қолайлы, тиімділігі жоғары және минималды құны бар кәріз тазарту құрылыстарын жобалау.

Дипломдық жобаның негізі міндеттеріне жатады:

- 1) Степногорск қаласының сарқынды суларын қажетті тазарту дәрежесін анықтау.
- 2) Сарқынды су тазарту әдісін таңдау.
- 3) Тазарту ғимараттарын есептеу.
- 4) Жобаның техника – экономикалық бөлігін қарастыру.

1 Технологиялық бөлім

1.1 Степногорск қаласына қысқаша сипаттама

Қаланың жобалануы 1959 жылы бастау алады, ал қала мәртебесі 1964 жылдың ортасында ғана алынды. Ол Ақмола облысының облыс орталығы – Көкшетау қаласынан 270 шақырымда, ал Қазақстан Республикасының астанасы Нұр-сұлтан қаласынан 180 шақырым жерде орналасқан. 2021 жылғы мәліметтерге сәйкес тұрғындарының саны шамамен 48032 адамды құрайды. Степногорск қаласы Ақмола облысында орналасқан ең ірі өнеркәсіптік орталықтарының бірі болып есептелінеді. Қалада «Степногорск тау – кен химия комбинаты» Акционерлік Қоғамы, «Степногорск подшипник зауыты» Акционерлік Қоғамы орналасқан, барлығы 59 кәсіпорын мен өндіріс орындары бар.

Ақмола облысының құрылымында Степногорск қаласы бойынша өндіріс көлемі 2021 жылы 16,7 пайызды құрады. 2017 жылы өнеркәсіп өндірісінің көлемі 91,1 млрд.теңгені немесе 2018 жылға 103,4 пайыз құрады. Нақты көлем индексі – 87,8 пайыз. Өнімнің түрлері: қара металлургия, уран, пестицидтер, қысқы дизель өнімдері, алтын және т.б.

Қаланың табиғи – климаттық жағдайы. Топырақтың маусымдық қатуының нормативтік тереңдігі 2,05 метр құрайды. Солтүстік – батыс бөлігі жазық үстіртті құрайды, оңтүстік – батыс бөлігі биік жазықпен созылады, ал шығыс бөлігі төбелермен, жартастармен сипатталады.

Қаланың негізгі өзендері Селетинское және Ақсу өзендері. Селетинское өзені Степногорск қаласынан 50 шақырым жерде орналасқан және ол Ертіс өзенінің бассейніне жатады. Бұл Селетинское өзені Степногорск қаласы үшін сумен жабдықтаудың бір көзі болып табылады. Қаланың жанында Ертіс маңы жазығына қарай ағатын ұсақ дала өзені болып табылатын Ақсу өзені ағып өтеді.

1.2 Степногорск қаласының сарқынды суының есептік шығындары

Тұрмыстық сарқынды сулардың есептік шығындарын анықтау.

Бірінші кезекте Степногорск қаласы үшін тұрмыстық сарқынды сулардың орташа тәуліктік, сағаттық, секундтық шығындары анықталады. Олар келесі формулалар арқылы анықталады:

$$Q_{\text{орт.тәул}} = \frac{q_6 \cdot N}{1000}, \text{ м}^3/\text{тәул}, \quad (1.1)$$

$$Q_{\text{орт.сағ}} = \frac{q_6 \cdot N}{(24 \cdot 1000)}, \text{ м}^3/\text{сағ}, \quad (1.2)$$

$$q_{\text{орт.сек}} = \frac{q_6 \cdot N}{(24 \cdot 3600)}, \text{ л/с}, \quad (1.3)$$

мұндағы N – Степногорск қаласының тұрғындар саны, 48032 адам;
 q_6 – 1 тұрғынның орташа су әкету нормасы, 210 л.

$$Q_{\text{орт.тәул}} = \frac{210 \cdot 48032}{1000} = 10086,72 \text{ м}^3/\text{тәул},$$

$$Q_{\text{орт.сағ}} = \frac{210 \cdot 48032}{(24 \cdot 1000)} = 420,28 \text{ м}^3/\text{сағ},$$

$$q_{\text{орт.сек}} = \frac{210 \cdot 48032}{(24 \cdot 3600)} = 116,74 \text{ л/с}.$$

Максималды тәуліктік, сағаттық және секундтық шығындарды мына формуламен есептейміз:

$$Q_{\text{макс.тәул}} = Q_{\text{орт.тәул}} \cdot K_{\text{тәул}}, \text{ м}^3/\text{тәул}, \quad (1.4)$$

$$Q_{\text{макс.сағ}} = Q_{\text{орт.сағ}} \cdot K_{\text{жалп}}, \text{ м}^3/\text{сағ}, \quad (1.5)$$

$$q_{\text{макс.сек}} = q_{\text{орт.сек}} \cdot K_{\text{жалп}}, \text{ л/с}, \quad (1.6)$$

мұндағы $Q_{\text{орт.тәул}}$ – орташа тәуліктік шығын, 10086,72 м³/тәул;

$Q_{\text{макс.сағ}}$ – орташа сағаттық шығын, 420,28 м³/сағ;

$q_{\text{макс.сек}}$ – орташа секундтық шығын, 116,74 л/с;

$K_{\text{тәул}}$ – орташа тәуліктік шығынға байланысты су әкету жүйесіндегі біркелкісіздік коэффициентінің мәні, $K_{\text{тәул}}=1,1 \dots 1,3$ арасында қабылданады, $K_{\text{тәул}}=1,3$;

$K_{\text{жалп}}$ – орташа секундтық шығынның мәні бойынша су әкету жүйесінің біркелкісіздік коэффициентін $K_{\text{жалп}}$ А.1 кестеден қабылдаймыз, $K_{\text{жалп}}=1,4$.

$$Q_{\text{макс.тәул}} = 10086,72 \cdot 1,3 = 13112,74 \text{ м}^3/\text{тәул},$$

$$Q_{\text{макс.сағ}} = 420,28 \cdot 1,4 = 588,39 \text{ м}^3/\text{сағ},$$

$$q_{\text{макс.сек}} = 116,74 \cdot 1,4 = 163,43 \text{ л/с}.$$

Кәсіпорындарда сарқынды суларының есептік шығындарын анықтау.

Кәсіпорындардың болжамды шығындары – тұрмыстық, су себер және

өндірістік сарқынды суларға кететін шығындардан құралады. Тұрмыстық сарқынды суларды шығару нормасы кәсіпорындағы цехтардың сипатына байланысты.

Степногорск қаласының подшипник зауытының тұрмыстық сарқынды сулар шығындары келесі формулалармен анықталады, тәуліктік шығын:

$$Q_{\text{тәул}} = \frac{25N_1 + 45N_2}{1000}, \text{ м}^3/\text{тәул}, \quad (1.7)$$

мұндағы N_1 және N_2 – тәулігіне жұмыс істейтін, су әкету нормасы бір адамаға 25 және 45 л келетін, жұмысшылар саны.

$$Q_{\text{тәул}} = \frac{25 \cdot 972 + 45 \cdot 1398}{1000} = 87,21 \text{ м}^3/\text{тәул}.$$

Максималды сағаттық шығын:

$$Q_{\text{макс.сағ}} = \frac{25N_3 \cdot K_1 + 45N_4 \cdot K_2}{T \cdot 1000}, \text{ м}^3/\text{сағ} \quad (1.8)$$

$$Q_{\text{макс.сағ}} = \frac{25 \cdot 326 \cdot 3 + 45 \cdot 470 \cdot 2,5}{8 \cdot 1000} = 9,6 \text{ м}^3/\text{сағ},$$

мұндағы N_3 және N_4 – ауысымдағы жұмысшылардың ең көп санымен, су әкету нормасы бір адамға 25 және 45 л келетін, жұмысшылардың саны;

K_1 және K_2 – тиісінше суық және ыстық цехтардағы сағаттық әркелкілік коэффициенті 3 және 2,5;

T – бір ауысымда сағат саны, 8сағ.

Максималды секундтық шығын:

$$q_{\text{макс.сек}} = \frac{25N_3 \cdot K_1 + 45N_4 \cdot K_2}{T \cdot 3600}, \text{ л/с}, \quad (1.9)$$

$$q_{\text{макс.сек}} = \frac{25 \cdot 326 \cdot 3 + 45 \cdot 470 \cdot 2,5}{8 \cdot 3600} = 2,7 \text{ л/с}.$$

Кәсіпорындардың су себер сарқынды суларының шығының айқындау келесі формулалар бойынша жүргізіледі:

$$Q_{\text{тәул}} = \frac{40N_5 + 60N_6}{1000}, \text{ м}^3/\text{тәул}, \quad (1.10)$$

$$Q_{\text{макс.сағ}} = \frac{40N_7 + 60N_8}{8 \cdot 1000}, \text{ м}^3/\text{сағ}, \quad (1.11)$$

$$q_{\text{макс.с}} = \frac{40N_7 + 60N_8}{45 \cdot 60}, \text{ л/с}, \quad (1.12)$$

мұндағы N_5 және N_6 – су себер бөлмелеріндегі жеке су себерлерді қолданатын, күніне бір адамға су әкету нормасы 40 және 60 л келетін, жұмысшылар саны. N_7 және N_8 – ауысымдағы жұмысшылардың ең көп санымен, су әкету нормасы бір адамға 40 және 60 л келетін, су себер қолданатын жұмысшылардың саны.

$$Q_{\text{тәул}} = \frac{40 \cdot 972 + 60 \cdot 1398}{1000} = 122,76 \text{ м}^3/\text{тәул},$$

$$q_{\text{макс.сағ}} = \frac{40 \cdot 326 + 60 \cdot 470}{8 \cdot 1000} = 5,1 \text{ м}^3/\text{сағ},$$

$$q_{\text{макс.с}} = \frac{40 \cdot 326 + 60 \cdot 470}{45 \cdot 60} = 15,27 \text{ л/с}.$$

Кәсіпорындар сарқынды сулардың өндірістік шығыстарын анықтау келесі формулалар бойынша жүргіземіз:

$$Q_{\text{тәул}} = mM, \text{ м}^3/\text{тәул}, \quad (1.13)$$

$$q_{\text{макс.сағ}} = \frac{mM_1}{T} K_1, \text{ м}^3/\text{сағ}, \quad (1.14)$$

$$q_{\text{макс.с}} = \frac{mM_1 \cdot 1000}{T \cdot 3600} K_1, \text{ л/с}, \quad (1.15)$$

мұндағы m – 1 т өнімге келетін сарқынды сулардың үлестік шығысы, м^3 ;
 M – кәсіпорынның бір тәуліктегі өнім саны, 40 м^3 ;
 M_1 – кәсіпорынның бір тәуліктегі максималды шығысындағы өнім саны, 44 м^3 ;
 T – бір ауысымдағы сағат саны, 8 сағ ;
 K_1 – кәсіпорын үшін сағаттық біркелкісіздік коэффициенті, $K_1 = 1$ деп қабылданады.

$$Q_{\text{тәул}} = 220 \cdot 40 = 8800 \text{ м}^3/\text{тәул},$$

$$q_{\text{макс.сағ}} = \frac{220 \cdot 44}{8} \cdot 1 = 1210 \text{ м}^3/\text{сағ},$$

$$q_{\text{макс.с}} = \frac{220 \cdot 44 \cdot 1000}{8 \cdot 3600} \cdot 1 = 336,11 \text{ л/с}.$$

Ұқсас кәсіпорындардың өндірістік сарқынды суларының шығынын шамамен есептеу осы кәсіпорынның бастапқы деректерін пайызға көбейту

арқылы табамыз(жұмысшылар санына байланысты): «Целингомаш» ЖШС–50 пайыз; Тау–кен жабдықтары зауыты–70 пайыз. Өндірістік сарқынды сулардың жалпы шығыны А.1 кестеде келтірілген.

Тұрмыстық және өндірістік сарқынды сулардың жалпы есептік шығындарын анықтау.

Барлық сарқынды сулардың жалпы шығындарын анықтаған кезде біз тұрмыстық және өндірістік сарқынды сулардың тәуліктік, максималды сағаттық және максималды секундтық шығындарын қосамыз. Өндірістік сарқынды сулардың жалпы шығыны А.1 кестесінен алынады.

$$Q_{\text{қоспа.тәул}} = Q_{\text{тұрм.с}} + Q_{\text{өнд.с}}, \text{ м}^3/\text{тәул}, \quad (1.16)$$

$$Q_{\text{қоспа.макс.сағ}} = Q_{\text{тұрм.макс.сағ}} + Q_{\text{өнд.макс.сағ}}, \text{ м}^3/\text{сағ}, \quad (1.17)$$

$$Q_{\text{қоспа.макс.сек}} = Q_{\text{тұрм.макс.сек}} + Q_{\text{өнд.макс.сек}}, \text{ м}^3/\text{сағ}, \quad (1.18)$$

мұндағы $Q_{\text{тұрм.с}}$ – тұрмыстық сарқынды сулардың орташа тәуліктік шығыны, 10086,72 м³/тәул;

$Q_{\text{өнд.с}}$ – өнеркәсіп кәсіпорынның сарқынды суларының тәуліктік шығыны, 19799,93 м³/тәул;

$Q_{\text{тұрм.макс.сағ}}$ – тұрмыстық сарқынды сулардың максимаолы сағаттық шығыны, 588,39 м³/сағ;

$Q_{\text{өнд.макс.сағ}}$ – өнеркәсіп кәсіпорынның сарқынды суларының максималды сағаттық шығыны, 2694,34 м³/сағ;

$Q_{\text{тұрм.макс.сек}}$ – тұрмыстық сарқынды сулардың максималды секундтық шығыны, 163,43 л/с;

$Q_{\text{өнд.макс.сек}}$ – өнеркәсіп кәсіпорынның сарқынды суларының максималды секундтық шығыны, 778,98 л/с.

$$Q_{\text{қоспа.тәул}} = 10086,72 + 19799,93 = 29885,72 \text{ м}^3/\text{тәул},$$

$$Q_{\text{қоспа.макс.сағ}} = 588,39 + 2694,34 = 3282,73 \text{ м}^3/\text{сағ},$$

$$Q_{\text{қоспа.макс.сек}} = 163,43 + 778,98 = 942,41 \text{ л/с}.$$

1.3 Сарқынды суының концентрация есебі

Тұрмыстық сарқынды сулардағы концентрацияны анықтау.

Бір тұрғынға шаққандағы суды ластауға бейім заттардың мөлшерін, олардың тұрмыстық сарқынды суындағы концентрацияны анықтау үшін, А.2 кестесі бойынша бір тұрғынға шаққандағы суды ластайтын заттардың

мөлшерін қабылдауымыз қажет. Ластаушы заттардың концентрациясы бір тұрғынға шаққандағы үлестік су әкету арқасында анықталады.

Тұрмыстық сарқынды сулардың ластану концентрациясы, $C_{\text{тұрм}}$, мг/л:

$$C_{\text{тұрм}} = \frac{a \cdot n}{q_6}, \text{мг/л}, \quad (1.19)$$

мұндағы a – бір тұрғынға ластаушы заттардың мөлшері (А.2 кестеден),
 $a_{\text{к.з}} = 65 \text{ г/сағ} \cdot \text{тәул}$, $a_{\text{ОБҚтолық}} = 40 \text{ г/сағ} \cdot \text{тәул}$;

q_6 – бір тұрғынға шаққандағы су әкетудің нормасы, $210 \text{ л/сағ} \cdot \text{тәул}$;

n – тұрғындар саны, $n = 48032$ адам.

$$C_{\text{к.з}} = \frac{65 \cdot 1}{210} = 310 \text{ мг/л},$$

$$C_{\text{ОБҚтолық}} = \frac{40 \cdot 1}{210} = 189 \text{ мг/л}.$$

Өндірістік сарқынды сулардың концентрациясын анықтау.

Өндірістік сарқынды сулардың концентрациясын Ю.В. Вороновтың «Сарқынды сулар және сарқынды суларды тазарту» кітабының «Сарқынды сулар және олардың қысқаша сипаттамасы» бөлімінен аламыз. Қара металлургияның сарқынды суларының ластану концентрациясы (соның ішінде машина жасау зауыттары): $C_{\text{к.з}} = 420 \text{ мг/л}$; $C_{\text{ОБҚтолық}} = 70 \text{ мг/л}$.

Сарқынды сулар қоспасындағы ластану концентрациясы.

Сарқынды су тазарту қондырғыларына тұрмыстық және өнеркәсіптік сарқынды сулардың қоспасы ретінде түсетіндіктен, сарқынды сулар қоспасының концентрациясын есептеу керек.

Сарқынды сулар қоспасының қалқыма заттар және ОБҚ_{толық} концентрациясы:

$$C_{\text{қоспа к.з}} = \frac{C_{\text{тұрм.с.к.з}} \cdot Q_{\text{тұрм.с}} + C_{\text{өнд.с.к.з}} \cdot Q_{\text{өнд.с}}}{Q_{\text{қоспа.тәул}}}, \text{мг/л}, \quad (1.20)$$

$$C_{\text{қоспа ОБҚтолық}} = \frac{C_{\text{тұрм.с.ОБҚтолық}} \cdot Q_{\text{тұрм.с}} + C_{\text{өнд.с.ОБҚтолық}} \cdot Q_{\text{өнд.с}}}{Q_{\text{қоспа.тәул}}}, \text{мг/л}, \quad (1.21)$$

мұндағы $C_{\text{тұрм.с}}$, $C_{\text{өнд.с}}$ – заттардың концентрациясы, мг/л;

$Q_{\text{тұрм.с}}$, $Q_{\text{өнд.с}}$ – сарқынды сулардың шығындары, $\text{м}^3/\text{тәул}$;

$Q_{\text{қоспа.тәул}}$ – тұрмыстық және өндірістік сарқынды сулардың тәуліктік шығыны, $29885,32 \text{ м}^3$.

$$C_{\text{қоспа к.з}} = \frac{310 \cdot 10086,72 + 420 \cdot 19799,93}{29885,32} = 382,89 \text{ мг/л},$$

$$C_{\text{қоспа ОБҚ}_{\text{толық}}} = \frac{189 \cdot 10086,72 + 70 \cdot 19799,93}{29885,32} = 110,17 \text{ мг/л.}$$

1.4 Қажетті тазалау дәрежесін анықтау

Бұл дипломдық жобада тұрмыстық және өндірістік қалдықтармен ластанған сарқынды суларды, яғни ол сулар күнделікті тұрмыста дәрет алуда, кір жууда, көкөністер мен жемістер жууда, уй тазалауда және т. б. қолданылады.

Балық шаруашылығы мақсатына арналған су қоймасына ағызылатын қалалық сарқынды сулар, ағызылғаннан кейін заттардың концентрациясы А.3 кестеде көрсетілген мәннен артық өзгертпеуі тиіс.

Су қоймасына жіберілетін сарқынды суларды тазартудың қажетті деңгейін анықтауды: қалқыма заттардың, сарқынды су қоспасындағы ОБҚ–ның рұқсат етілетін шамасының, сарқынды сулардың ерітілген оттегін және басқа да зиянды заттарды тұтынуы бойынша жүргіземіз.

Араластыру коэффициентін есептеу.

Тазалаудың қажетті дәрежесін есептеу үшін, ең алдымен, ағынды судың резервуар суымен есептелген клапанға араластыру дәрежесі анықталады. Араластыру дәрежесі араластыру коэффициентімен сипатталады:

$$\gamma = \frac{1 - e^{-\alpha L^{\frac{1}{3}}}}{1 - \frac{Q}{q_{\text{макс.сек}}} e^{-\alpha L^{\frac{1}{3}}}}, \quad (1.22)$$

мұндағы L – сарқынды суларды шығару орнынан бақылау жармасына дейінгі қашықтық, 4000м;

Q – гидрологиялық жылда су қоймасындағы су шығыны 95 пайыз қамтамасыз етілуі, 3,2 м³/с;

$q_{\text{макс.сек}}$ – ағынды сулардың орташа секундтық шығыны, 0,942 м³/с;

α – араластырудың гидравликалық жағдайын ескеретін коэффициент;

e – табиғи логарифмнің негізі, 2,72.

Араластырудың гидравликалық жағдайын ескеретін коэффициентті келесі формула бойынша табамыз:

$$\alpha = \xi \cdot \varphi \cdot \left(\frac{E}{q_{\text{макс.сек}}} \right)^{\frac{1}{3}}, \quad (1.23)$$

мұндағы φ – өзен орамының коэффициенті, 1,1;

ω – шығару түріне байланысты коэффициент, шығарылымның арна түрі–1,5;

E – турбулентті диффузия коэффициенті.
Турбулентті диффузия коэффициенті:

$$E = \frac{V_{\text{орт}} \cdot H_{\text{орт}}}{200}, \quad (1.24)$$

мұндағы $V_{\text{орт}}$ – су қоймасындағы су ағысының орташа жылдамдығы, 0,45 м/с;

$H_{\text{орт}}$ – резервуардың орташа тереңдігі, 2,62 м.

$$E = \frac{0,45 \cdot 2,62}{200} = 0,0058,$$

$$\alpha = 1,5 \cdot 1,1 \cdot \frac{0,0058}{0,942} = 0,464,$$

$$\gamma = \frac{1 - 2,72 - 0,464 \cdot 4000^{\frac{1}{3}}}{1 - \frac{3,2}{0,942} \cdot 2,72 - 0,464 \cdot 4000^{\frac{1}{3}}} \approx 3.$$

γ біле отырып, біз ағынды сулардың қандай концентрациясын төгуге болатындығын анықтай аламыз, яғни сарқынды суларды қаншалықты тазарту керек, тазартудың қандай технологиялық схемасын қабылдаған жөн.

Қалқыма заттар бойынша тазалаудың қажетті деңгейін анықтау.

Санитариялық талаптарға сәйкес су айдынына түсетін судағы қалқыма заттардың рұқсат етілген шекті құрамы мына формула бойынша айқындалады:

$$m = p \left(\frac{\alpha Q}{q} + 1 \right) + b, \text{ мг/л}, \quad (1.25)$$

мұндағы α – араластыру коэффициенті, 3 тең;

p – сарқынды суларды ағызғаннан кейін су айдынындағы қалқыма заттар құрамының рұқсат етілетін ұлғаюы, 0,75 мг/л;

Q – су айдынындағы судың орташа айлық шығыны 95 пайыз қамтамасыз етілген, 3,2-ге м³/с;

q – сарқынды сулардың орташа секундтық шығыны, 0,942 м³/с;

b – сарқынды суларды ағызғанға дейін су қоймасындағы қалқыма заттардың концентрациясы, $b = 7,8$ мг/л.

$$m = 0,75 \left(\frac{3 \cdot 3,2}{0,942} + 1 \right) + 7,8 = 16,2 \text{ мг/л}.$$

Қалқыма заттар бойынша сарқынды суларды қажетті тазарту дәрежесі (пайызбен):

$$\Xi = \frac{C_{\text{қоспа.з-т}}}{C_{\text{қоспа.з}}} \cdot 100\%, \quad (1.26)$$

мұндағы $C_{\text{қоспа.з}}$ – тазартылғанға дейін сарқынды судағы қалқыма заттардың мөлшері, 681,03 мг/л.

$$\Xi = \frac{382,89-16,2}{382,89} \cdot 100\% = 89\%.$$

Резервуарға ағызылатын сарқынды сулардың рұқсат етілген мөлшері төмендегі формуламен анықталады:

$$L_{\text{ТОЛЫҚ}}^{\text{СТ}} = \frac{\alpha Q}{0,4q} (O^p - 0,4L_{\text{ТОЛЫҚ}}^p - O) - \frac{O}{0,4}, \text{ мг/л}(\text{O}_2), \quad (1.27)$$

мұндағы Q – су қоймасындағы су шығыны, 3,2 м³/с;

O^p – су айдынындағы ерітілген оттегінің құрамы, 6 мг/м³;

q – ағызылатын сарқынды сулардың мөлшері, 0,942 м³/с;

$L_{\text{ТОЛЫҚ}}^p$ – оттегінің толық биохимиялық тұтынылуы, 2,4 мг/м³;

α – араластыру коэффициенті, 3;

O – суда ерітілген оттегінің минималды концентрациясы, 4 мг/м³ қабылданады.

$$L_{\text{ТОЛЫҚ}}^{\text{СТ}} = \frac{3 \cdot 3,2}{0,4 \cdot 0,942} (6 - 0,4 \cdot 2,4 - 4) - \frac{4}{0,4} = 36 \text{ мг/л}(\text{O}_2).$$

Ерітілген оттегі бойынша тазартудың қажетті дәрежесін есептеу.

Ерітілген оттегі бойынша сарқынды суларды тазартудың қажетті дәрежесі мына формула бойынша анықталады:

$$\Xi = \frac{C_{\text{қоспа ОБҚ}_{\text{ТОЛЫҚ}}} - L_{\text{ТОЛЫҚ}}^{\text{СТ}}}{C_{\text{қоспа ОБҚ}_{\text{ТОЛЫҚ}}}} \cdot 100\%, \quad (1.28)$$

мұндағы $C_{\text{қоспа.ОБҚ}_{\text{ТОЛЫҚ}}}$ – тазартылғанға дейін сарқынды судағы оттегінің биохимиялық тұтыну мөлшері, ОБҚ_{ТОЛЫҚ} бойынша алынады, мг/л.

$$\Xi = \frac{110,17-36}{110,17} \cdot 100\% = 67\%.$$

ОБҚ_{толық} бойынша сарқынды суларды қажетті тазартуды есептеу.

Органикалық заттардың тотығуына қажетті оттегінің жалпы мөлшері ОБҚ деп аталады және мг/л өлшенеді.

Есептеуде биохимиялық процестер есебінен резервуардағы сарқынды сулардың өзін-өзі тазартуын, сондай-ақ сарқынды сулардың резервуар суларымен араласуын ескереміз.

Сарқынды сұйықтық үшін ОБҚ_{толық} шамасы мына формула бойынша анықталады:

$$L_{ст} = \frac{\alpha Q}{q \cdot 10^{-k_{ст}}} \cdot (L_{п.д} - L_p \cdot 10^{-k_p}) + \frac{L_{п.д}}{10^{-k_{ст}}}, \text{ мг/л}, \quad (1.29)$$

мұндағы $k_{ст}$ және k_p – сарқынды сумен оттегінің тұтыну жылдамдығының тұрақтылары, сәйкесінше 1,1 және 1,3 қабылдаймыз;

$L_{п.д}$ – сарқынды су қоспасының шекті рұқсат етілген ОБҚ_{толық} 6 мг/л –ге тең деп қабылданады;

L_p – ОБҚ_{толық} өзен суының сарқынды суларды шығару орнына дейін, мг/л.

$$L_{ст} = \frac{3 \cdot 3,2}{0,047 \cdot 10^{-1,1}} \cdot (6 - 4,6 \cdot 10^{-1,3}) + \frac{6}{10^{-1,1}} = 23 \text{ мг/л}.$$

Тазартудың қажетті дәрежесін мына формула бойынша анықтайды:

$$\Xi = \frac{L_a - L_{ст}}{L_a} \cdot 100\%, \quad (1.30)$$

мұндағы $C_{қоспа.ОБҚ_{толық}}$ – тазартылғанға дейін сарқынды судағы ОБҚ_{толық} мөлшері, 110,17 мг/л.

$$\Xi = \frac{110,17 - 23}{110,17} \cdot 100\% = 79\%.$$

1.5 Тазарту әдісін таңдау және негіздеу

Су қоймасына келіп түсетін сарқынды сулар «Жерүсті суларын сарқынды сулармен ластанудан қорғау қағидаларының» талаптарына сәйкес келуге міндетті.

Тазарту станциясының құрамы сарқынды суларды қажетті тазартуға, станцияның өткізу қабілетіне, сарқынды сулардың химиялық құрамына, шөгінділерді пайдалану әдісіне және басқа да жергілікті жағдайларға байланысты анықталады.

Сарқынды сулардың сипаттамаларына және оларды тазартудың қажетті деңгейіне жету үшін есептеулерге сәйкес жобада сарқынды суларды механикалық тазарту схемасы қолданылады.

Ең алдымен, сарқынды суларды механикалық тазартылуы болат сүзгілеу торларында (прозорлардың мөлшері 16 мм – ге дейін қабылданады) және судың

дөңгелек қозғалысы бар құм ұстағышта жүзеге асырылады.

Тазартылған сарқынды суларды су қоймасына жібереміз. Тұнбаны өндеген кезде, қажетті дренаж жүйесімен жабдықталған жоғары жүктелген тұнба алаңдарында кептіре отырып, тұндырғыштардағы артық тұнбаның тығыздалуын ескереміз.

Кептірілген тұнбаны көгалдандыру мен орман шаруашылығында минералды тыңайтқыш ретінде пайдалануға жол беріледі.

Құм ұстағыштардан алынған құм жойылады және кебу үшін құм алаңдарына жіберіледі. Құрғатылған құм және тордан шыққан қалдықтар қаланың санитарлық қызметімен келісілген орындарға тасымалданады. Тазарту ғимаратына түсетін сарқынды сулардың шығынын, тазартылған сарқынды судың әкету құбырында радиалды тұндырғыштан кейін орналасқан «Брест-3» шығын өлшегішпен жүргіземіз. Оның жұмыс істеу принципі ультрадыбыспен негізделген.

Тазарту қондырғысының алаңы жоспарланған схема бойынша шағын аумақты қамтиды. Жобаланған схеманы іске асыру сарқынды суларды есептелген концентрацияға дейін тазартуды қамтамасыз етеді.

1.6 Тазарту ғимараттарын есептеу

1.6.1 Қабылдау камерасы және торлар

Қаладан келген сарқынды судың келіп түсуінің бірінші пункті қабылдау камералар болып табылады. Сарқынды судың шығынына байланысты қабылдау камераның өлшемін А.4 кесте бойынша қабылдаймыз. $Q_{\text{орт.сағ}} = 609,51 \text{ м}^3/\text{сағ}$ болғандықтан, екі қабылдау камерасы тұрғызылады.

Келесі пункт – торлар. Олар әдетте сұйықтықтың қозғалыс жолына орнатылады. Торлар органикалық және минералды ірі ластаушы заттарды ұстауға арналған. Мұндай заттарға мыналар жатады: үлкен қоқыстар, қағаздар, шүберектер, көкөністер мен жемістердің қалдықтары, сондай-ақ басқа да тұрмыстық не өндірістік қалдықтар.

Тордың өзі металл жақтауға бекітілген тігінен немесе көлбеу орнатылған параллель шыбықтардан тұрады. Тордың көлбеуі әдетте 60–80 градус. Болат торлар экономикалық тұрғыдан ең тиімді болып табылады, сонымен қатар олардың қызмет ету мерзімі 20 жылдан жоғары.

Яковлев С. В – тің «Кәріз» оқулығынан тұрмыстық сарқынды суларға арналған тордың ені 16 мм-ге тең, жылына бір адамға кешіктірілген қоқыстардың саны 6 л құрайды.

Тор прозорларының саны формула бойынша анықталады:

$$n = \frac{q}{bh_9} \cdot k_3, \quad (1.31)$$

мұндағы q – сарқынды судың максималды шығыны, $\text{м}^3/\text{с}$;

b – торыдың прозор шамасы, м;
 h – ағынның тереңдігі, м;
 v_p – сарқынды судың тор арқылы қозғалу жылдамдығы 1 м/с–қа тең;
 k_3 – ағыстың тырмамен және кешіктірілген ластанумен шектелуін ескеретін коэффициент, $k_3=1,05$ деп аламыз.

$$n = \frac{0,942}{0,016 \cdot 1,5 \cdot 1} \cdot 1,05 \approx 41.$$

Тордың енін табамыз:

$$B_p = bn + S(n-1), \text{мм}, \quad (1.32)$$

мұндағы S – өзек қалыңдығы, мм.

$$B_p = 16 \cdot 41 + 16(41-1) = 1296 \text{ мм}.$$

Біз арнаның ені 1400 мм және тереңдігі 2000 мм болатын МГ 8Т маркалы екі торды (бір жұмыс және бір резервтік) қабылдаймыз.

Тордағы қысымның жоғалуы мына формула бойынша есептелінеді:

$$h_p = \xi \frac{v_1^2}{2g} K, \text{ м}^3, \quad (1.33)$$

мұндағы v_1 – тордың алдындағы арнадағы судың жылдамдығы, 0,8 м/с тең деп қабылдаймыз;

ξ – кедергі коэффициенті;

K – тордың бітелуі есебінен арынды жоғалтудың ұлғаюын ескеретін коэффициент, 3 деп аламыз.

Кедергі коэффициенті мына формула бойынша аныкталады:

$$\xi = \beta \left(\frac{S}{b} \right)^4 \sin \alpha, \quad (1.34)$$

